

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1211 Қаулысы
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
	<i>К. Мәсімов</i>
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң	
2 0 0 8	ж ы л ғ ы 2 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 2 1 1	қ а у л ы с ы м е н
бекітілген	

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары Астана - 2008 жыл Мазмұны

1. Миссиясы мен пайымдауы
2. Ағымдағы жағдайдың сараптамасы
 - 2.1. Жерлердің жағдайы және жер ресурстарын пайдалану
 - 2.2. Геодезиялық және картографиялық қызмет
3. Агенттік қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері.
4. Функционалды мүмкіндіктері және мүмкін тәуекелдер
5. Нормативтік құқықтық актілер
6. Бюджеттік бағдарламалар

1. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің миссиясы мен пайымдауы

М и с с и я с ы

Жерлерді тиімді пайдалану мен қорғауға, ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға және елдің экономикалық дамуына септігін тигізетін геодезиялық және картографиялық

П а й ы м д а у ы

Қазақстан Республикасының жер ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалану және экономиканың сапалы геодезиялық және картографиялық өнімдер қажеттілігін толық қанағаттандыру.

2. Ағымдағы жағдайдың сараптамасы**2.1. Жерлердің жағдайы және жер ресурстарын пайдалану**

Экономикалық дамуы, нақты шамада, жер төлемдері жүйесін, жер салығын анықтауға негіз болатын салық төлеушілер және жерді кадастрлық бағалау туралы жер кадастрының ақпараты негізінде ретке келтірумен байланысты екендігін нарықтық экономикасы бар елдердің тәжірибесін көрсетті.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің қабылдауымен және ауылшаруашылыққа арналған жерлерге жеке меншікті енгізумен мемлекет Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі қызметтерінің негізгі алушысы болып табылады. Осы орайда, жер ресурстарының сапалық және сандық жағдайы туралы нақты ақпараттың мәні күшейді. Ол үшін топырақ құру процесі туралы генезисті елдің географиялық топырақты жабуын зерттеуге негізделген фундаментальді білім қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстанның жер ресурстарының сандық және сапалық жағдайы туралы толық емес ақпараттар бөлігінен мемлекеттік жіберілген мүмкіндіктері туралы айтуға болады, ал осы жалпы жер ресурстары туралы және салық салушыға жататын база туралы жеке ақпарат алуда сөзсіз көрініс табады.

Жер кодексінің 152-бабына сәйкес, мемлекеттік жер кадастры Қазақстан Республикасы жерінің табиғи және шаруашылық жағдайы, жер учаскелерінің орналасқан жері, нысаналы пайдаланылуы, мөлшері мен шекарасы, олардың сапалық сипаттамасы туралы, жер пайдаланудың есепке алынуы мен жер учаскелерінің кадастрлық құны туралы мәліметтердің, өзге де қажетті мәліметтердің жүйесі болып табылады. Мемлекеттік жер кадастрына жер учаскелеріне құқықты субъектілер туралы а қ п а р а т т а е н г і з і л е д і .

Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін құру топографиялық-геодезиялық, әуеғарыштық, картографиялық жерге орналастыру жұмыстарын, топырақтық геоботаникалық зерттеу және іздестіру, нақты жер учаскесіне жер-кадастрлық істі құру, жер-кадастрлық карталар және жер учаскесіне идентификациялық құжатты дайындаумен қамтамасыз етіледі.

Сапалық сипаттама дәнді-дақылдық техникалық жағдайды анықтау және топырақ сапасын бағалау іздестіру жұмыстары (топырақтық, геоботаникалық) негізінде зерттеледі және зерттеу жеткізудің 7-10 жыл кезеңімен жүргізіледі.

Сонымен қатар, топырақты зерттеудің материалдары (топырақтық карталар,

агроөндірістік тапсыру картограммалары т.б.) 185,3 млн.га көлемді құрайды, бұл барлық ауылшаруашылығына арналған жерлердің 85,9% көрсеткіші, оның ішінде 1990 жылға дейінгі 152,2 млн.га аумаққа арналған зерттеулер материалдары ескірген және қайта зерттеуді қажет етеді.

Геоботаникалық іздестірулердің зерттеу материалдарының негізгі бөлімі - 78,8% құрап 1990 жылға дейін жасалған және қайта зерттеуді қажет етеді.

Қазақстанда соңғы рет 2000 жылы өткізілген елдің жер ресурстарын экономикалық бағалауды бес жыл кезең аралығында өткізу қажет.

Қазіргі уақытта қызмет етуші мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (МЖК, ААЖ) жер-кадастрлық ақпаратының екі түрі қолданылады - атрибуттық (мәтіндік) және графикалық. Атрибутивті бөлім 3,5 млн. жер учаскелері туралы мәліметтен тұрады. Қолда бар ААЖ графикалық бөлімі атрибутивті мәліметтің 24% құрайды. Бұл теңсіздік қажетті масштабтағы картографиялық негізі жоқ елді мекендердің жерлерінде болғандықтан пайда болып отыр. Жер учаскелерінің негізгі бөлімі сандық көрсеткіште негізгі бөлімі сандық көрсеткіші.

Жер ресурстарының сандық есебі бойынша мәліметтерді беру мәселесі қазіргі уақытта қызмет етіп отырған МЖК ААЖ қолданылатын атрибутивті және графикалық ақпаратты сәйкестендіру арқылы шешілуі мүмкін.

Аталған мәселелерді шешу үшін жер учаскелері шекараларының бұрылыстық нүктелердің құрал-сайманды үйлестіру бойынша даланың геодезиялық жұмыстарды кадастрлық құжат бойынша заңды теңестіру, МЖК ААЖ графикалық базасына мәліметтерді енгізу жұмыстарын қамтитын межелелеуді үйлестірілмеген жер учаскелерін жүзеге асыруды қажет етеді.

Жер ресурстары саласындағы тізбектелген мәселелерді шешу жер ресурстарының сапалық және сандық жағдайы туралы нақты ақпарат беруді қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Осыдан басқа, есептеу әдісі бойынша тіркеуге көшу бөлігіндегі жерлерді тіркеу пайдаланылмайтын, дұрыс пайдаланылмайтын немесе мақсатты тағайындауына сәйкес емес және жерді пайдаланудың рұқсат етілгеніне сәйкес емес пайдаланылатын жерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Жердің тозуы Қазақстан үшін тағы да бір келелі мәселе болып табылады. Елдің шамамен 43% халқы (6,5 млн адам) ауылдық аудандарда тұрады және олардың көпшілігі жерді пайдалану немесе аграрлық секторға байланысты табысқа тура немесе жанама тәуелді. Табиғи жағдайларға байланысты ел аумағының 70% шөлейттену және жерлердің тозу процесінде.

Осыған орай, жер мониторингіне ерекше мән беріледі. Қазіргі уақытта жер жағдайына көп жылдық бақылау жүргізуге арналған стационарлы экологиялық алаңдар және жартылай стационарлы алаңдар елдің барлық аумағынан 15% қамтиды.

Жерлердің сапалық жағдайының өзгеруі туралы нақты ақпарат алу үшін топырақтық зоналар мен кіші зоналардың ішіндегі бақылау жүйесін күшейту және 2011 жылдың аяғына бұзылуға ұшыраған жерлердің 25% мониторингпен қамту қажет, ал осы өз кезегінде басқа да мүдделі органдармен бірігіп, бұзылушылық процестерді тұрақтандыру бойынша бірегей экологиялық бағдарлама әзірлеуге мүмкіндік береді. Жер қатынастары саласында жүргізіліп отырған қолданбалы ғылыми зерттеулер жерге орналастыруды, мемлекеттік жер кадастрын және жер мониторингін жүргізуді ғылыми негізбен қамтамасыз етеді, сондай-ақ "Электронды үкімет" құрамына енетін "Жеке тұлғалар" мемлекеттік мәліметтер базасы, "Жылжымайтын мүлік тізбесі", "Мекен-жайлық тізім", Салық төлеушілердің және салық салу объектілері тізбегі жалпы мемлекеттік ақпараттық жүйенің негізгі құрамды бөлігі болып табылатын жер туралы мемлекеттік ақпараттық ресурс құруды қамтамасыз етеді.

"Нұр Отан" ХДП саяси платформасының ережелерінің біріне сәйкес келетін жерді экономикалық бағалау бойынша жерді, басқа табиғи ресурстарды, экономикалық бағалау және тіркеу жүйесін құру сондай-ақ олардың ренталық құнын ішкі және әлемдік нарықтағы бағасын жыл сайын нақтылап отыру қажет.

Осылайша, нарықтық экономика жағдайында жалпы жер нарығының даму перспективасы туралы нақты және объективті ақпаратқа экономикалық процеске қатысушылар қызығушылығы айтарлықтай көтеріледі. Сондықтан, шектеулі қаржы мүмкіндіктерді Мемлекеттік жер кадастрын барлық мәліметтердің кешенді сараптамасын жүргізген жөн. Уақытылы және нақты мәліметті алу ұтымды басшылық шешім қабылдауға және негіздеуге ақпараттың көзі болып табылады.

Елдің жерлерін сапалық және сандық тіркеуді жүзеге асырудағы нақты мәселелермен бірге Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзушылық саны да өсіп келетіндігін атап өту қажет. Осылайша, 2006 жыл мен 2008 жылдың бірінші тоқсаны кезеңі аралығында анықталған Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзушылықтар серпінділігі жойылған заң бұзушылықтар санының тұрақты деңгейінде бұзушылықтардың санының жыл сайынғы өсімін көрсетіп отыр (1-кесте).

1-кесте - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің жерлерді қорғау және пайдалануды мемлекеттік бақылау анықталған бұзушылықтар серпінділігі

Атауы	2006 жыл	2007 жыл	2008 жылдың 1-тоқсаны
Бұзушылықтар анықталды	2424	3438	537
Бұзушылықтар жойылды	1305	1307	40

Жерлерді пайдалану және қорғауды мемлекеттік басқару жүргізген тексерістердің сараптамасы Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзудың негізгі түрі жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзу (46%) ауылшаруашылық жерлерін тиімсіз қолдану немесе қолданбау (20%) және жерлерді мақсатты тағайындауына сәйкес емес қолдану (18%) .

Қазақстан Республикасы жер заңнамасының бұзылу санының ұлғаюының негізгі

с е б е п т е р і :

1. Жерге сұраныстың өсуі;
2. Жасалған Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзу сипаттамасына жауапкершілік деңгейінің сәйкессіздігі;
3. Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзу бойынша сот шешімінің орындалу өндірісінің темен деңгейі;
4. Қоғам алдында жер инспекторының тиісті бейнесінің болмауымен қатар мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға кадрлардың жетіспеуі.

Анықталған Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзу сараптамасымен қатар жер қатынастары субъектілерінің жыл сайынғы көбеюі байқалып отыр. Қазақстан Республикасындағы жерлердің жағдайымен пайдалану туралы салыстырмалы сараптамалық есептің мәліметтеріне сәйкес 2006 жылғы жер учаскелері меншік иелері және жер пайдаланушылар саны 2,7 млн., 2007 жылы 3,2 млн. құрады.

Осылайша, жерлерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау жағдайына жасалған сараптама ескерту шараларының жүйелі механизмі және жасаған бұзушылықтары үшін жауапкершілікті қатаңдандыру бойынша шараларды әзірлеу қажеттілігін дәлелдейді, ал бұл өз кезегінде жеке меншік құқығы жағдайын сипаттайтын индексті көтеру бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумдағы Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінде Қазақстан Республикасының деңгейін көтеруде көрінеді.

2.2. Геодезиялық және картографиялық қызмет

Жер туралы ақпарат республиканың экономикасының, қорғаныстың көптеген саласының маңызды құрамы болып табылады, осыған байланысты геодезиялық және картографиялық өнімнің сапалы қызметіне сұраныс өсіп келеді, және көп жағдайда осы өнімдер заңды құжат болып табылады. БҰҰ мәліметтер бойынша басқарушы шешімдерді қабылдауды қолдау жүйесіндегі кеңістіктік ақпараттың еншісіне осы жүйедегі ақпараттың жалпы көлемінен 80% дейін құрайды. Республиканың топографиялық-геодезиялық және картографиялық зерттеулер мемлекеттік геодезиялық жүйені құрайды, оның құрамына Қазақстан Республикасының координат негізі болып табылатын ұзындығы 76 000 текше км құрайтын 155 мың нүктелер және нивелирлі жүйелер және масштабы 1: 25 000-1:1 000 000 болатын мемлекеттік топографиялық карталардың 43 575 парағы енеді.

"Қазақстан Республикасында картография және геодезияны 2005-2007 жылдарына даму бағдарламасы" аясында бюджеттік қаржыландырудың ұлғаюына байланысты республиканың жалпы көлемінен 8%, аэротүсіру жүргізілді мемлекеттік геодезиялық жүйе нүктелерінің жалпы санына 0,8% көлемі зерттелді, жалпы нивелирлік жүйе ұзындығынан 2% нивелирленді, барлық масштабтық реттегі мемлекеттік топографиялық карталар парағы санынан 6% жаңартылды.

Агенттік жасап жатқан барлық масштабты реттегі мемлекеттік топографиялық

карталарда жер туралы толық ақпарат беріліп, республиканың экономика және қорғаныс саласында қолданылатын әр түрлі туынды материалдарды жасауға негіз болады.

Жалпы алғанда геодезия және картография саласында жағымды алғы шарттар туындады, сонымен қатар басты шешілмеген мәселелерге келесілерді жатқызуға болады.

1. Картография негізі болып табылатын мемлекеттік геодезиялық жүйе жартылай жойылған және көп жағдайда қайтадан қалпына келтірілмейді, соның нәтижесінде оған қойылатын талаптарға толығымен жауап бере алмайды.

2. Жер серіктік технологиялардың дамуымен және топографиялық геодезиялық өндірістің жер серіктік координаттық анықтаудың жеке әдісіне көшуімен республиканың жаңа координатты негізін құру және дамыту мәселесі тұр.

3. Қазақстан Республикасы аумағының топографиялық және картографиялық қамтамасыз етілу жағдайы ерекше алаңдатушылық тудырады, карталардың уақытқа сай келу деңгейі 10-20 жылды құрайды.

4. Сейсмобелсенді аумақпен Қазақстанның Каспий маңы аумағының жоғары нақты геодезиялық өлшемдер мен толық емес қамтылуы.

5. Агенттік ведомствосына бағынысты кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық артта қалуы.

6. Жеткілікті дәрежеде жас мамандардың келуінің жоқ болуы, және мамандарды дайындау, қайта дайындау сапасы қазіргі уақыттағы техника және технология талаптарына сәйкес келмейді.

Ғаламдық бәсекеге қабілеттілігін бағалау тұрғысына байланысты Қазақстанның жағдайымен байланысты басқа да мәселелер бар. Қазіргі кезде Ғаламдандыру республикада болып жатқан барлық дерлік процестерге ақырындап әсерін тигізуде, Қазақстанның ақпараттың кеңістігі бірегей ақпараттық кеңістікке ене тусуде. Басқарушылық шешімдерді қабылдауды қолдау және республика аудандарының дамуын болжаудың ақпараттық бөлімінің құрамды бөлігі мемлекеттік топографиялық карталарда қазіргі жерлердің қазіргі жағдайының көрсеткіші объективті және актуалды кеңістіктік ақпарат болып табылады.

Қазіргі жағдайдың сараптамасын ескере отырып және Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілеті 50 ел қатарына ену және тұрақтандыру бойынша қойған тапсырманы ескере отырып, жер ресурстарын басқару, геодезия және картография салаларының стратегиялық бағыттары анықталды, бұл өз кезегінде жер ресурстары туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік экономикалық форумның "Институционалды даму" көрсеткіштері бойынша бәсекеге қабілеттіліктің ғаламдық индексіндегі рейтингін көтеруге, елдің қорғаныс мүмкіншілігін нығайтуға, ұлттық қауіпсіздік деңгейін жоғарылатуға септігін тигізеді.

3. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері

Атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең	Жоспарлы кезең			
2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл		
1	2	3	4	5	6	7
1-стратегиялық бағыт. Жер ресурстары бойынша актуалды мәліметтерді құру және жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылаудың тиімділігін жоғарылату						
1.1-мақсат. Жер ресурстары туралы пайдаланушылар берген ақпараттың толықтығын және анықтығын қамтамасыз ету						
Жер-кадастрлық ақпаратты алу және беру мүмкіндігін жасау, соның ішінде барлық мүдделі пайдаланушыларға жер учаскелеріне картографиялық мәліметтерді беруді қамтамасыз ету және пайдаланушылардың санын жыл сайынғы өсімі 20 % кем емес	(м ы ң) пайдаланушы	139	152	166	199	238
1.1.1-міндет . Жер ресурстарының сапалық жағдайы туралы ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату						
Тексеруге жататын ауылшаруашылыққа арналған жерлерді іздестірумен қамту	% млн.га	2 2 46,2	2 4 51,3	2 6 56,1	2 8 61,9	3 2 68,7
Ш а р у а қожалықтарының жер учаскелерін паспорттармен қамту	% мың дана	5 1 , 8 104,5	6 1 , 8 126,2	7 1 , 4 147,9	8 2 , 8 173,9	9 6 205,1
Ауылшаруашылығына пайдаланатын жерлерді экономикалық бағалаумен қамту	% мың дана	0	0	0	5 3 113,3	1 0 0 215,7
1.1.2-міндет. Елдің жер қоры және жер учаскелері туралы мәліметтер жинағын құруды, сандық есепке алуды жақсарту						
Үйлестірілмеген жер учаскелерін межеледі орындау	% мың учаске	0	0	1 2 , 5 325	3 8 , 3 997	4 4 , 2 1149
Жер-кадастрлық істерді сканерлеу және "Архив" АИС ГЗК кіші жүйесіне енгізу	% м ы ң жер-кадастрлық істер	0	0	4 , 1 144,7	1 9 , 9 695,9	5 3 , 8 1881,6
1.1.3-міндет . Жер мониторингі мәліметтерін жүргізу мен пайдалануды жетілдіру						
Мониторингтік бақылауды үшін стационарлы						

экологиялық алаңдардың (СЭА) саны	бірлік	107	116	116	139	167
Бақылаумен қамтылған жерлердің көлемі	%	5	9	13	18	25
1.2-мақсат. Қазақстан Республикасы жер заңнамасының жер қатынастары субъектілерінің бұзуын кеміту						
Жер заңнамасының бұзылуын 2011 жылға 20 % кем емес төмендету	Бұзу	3438	3300	3200	3000	2800
1.2.1-міндет. Нормативтік құқықтық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу арқылы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдіру						
Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу	дана	5	5	6	7	8
1.2.2-міндет. Қазақстан Республикасы халық арасында жер қатынастары бойынша құқықтық түсіндірмелік жұмыс жүргізу						
Жер қатынастары субъектілері арасында құқықтық сауатсыздықты төмендету	%	30	35	40	45	50
1.2.3-міндет . Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылаудың тиімділігін жоғарылату						
Тексерістер саны	тексеріс	8242	3800	4100	6000	5800
Анықталған бұзушылықтардың тексеріс жойылуы	%	38	41	44	47	50
2-стратегиялық бағыт . Мемлекет және экономика салаларының өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ететін геодезиялық және картографиялық өнімдерді жасау						
2.1-мақсат . Қазақстан Республикасы аумағын Жерді қашықтықтан зондтау әдістерімен және спутниктік технологиялармен геодезиялық қамтамасыз ету						
Кеңістіктік ақпаратты жылына 3% кем емес жыл сайынғы жаңартумен, мүдделі пайдаланушылар басқарушылық шешімдер қабылдауы үшін актуальды геодезиялық өнім құру	%	1	2	3	6	10
2.1.1-міндет. Мемлекеттік геодезиялық жүйені модернизациялау және Қазақстан Республикасы аумағында бірыңғай мемлекеттік координаттар жүйесін құру						
Жоғары нақты геодезиялық жүйені және республиканың координаттық негізін құру	ТЭН	-	-	-	техникалық жоба	ұйымдастыру-техникалық шаралар

2.1.2-міндет. Цифрлы әуефото түсіру негізінде мемлекеттік топографиялық карталарды жанарту мен қалаларды үлкен масштабты жоспарлармен қамтамасыз ету

Әуе түсіру						
Аумақтар	шаршы м %	40000 2	42023 2	41080 2		
Қалалар	шаршы м %			7 5 0 6	9 0 0 7	6 0 0 5
Нивелирлеу	текше.км %	6 1 7 0,8	5 7 5 0,8	7 2 5 1	8 0 0 1,1	9 0 0 1,2
Мемлекеттік топографиялық карталарды жанарту	п а р а қ %	1 1 9 7 2,7	9 9 7 2,3	1 6 9 6 3	1 7 5 0 4	2 1 3 0 5
Астана, Алматы, Атырау қалаларының үлкен масштабты жоспарларын жасау	шаршы км %	-	-	4 0 0 Астана 4	3 5 0 Астана Алматы 3	5 0 0 Алматы Атырау 4

2.1.3-міндет. Каспий теңізінің солтүстік бөлігін үлкен масштабты жоспарлармен қамтамасыз ету

Жалпы көлемі 146800 шаршы км құрайтын Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің теңіз навигациялық картасын жасау	шаршы км %	-	17395 12	25 020 17	23 919 16	1 2 7 0 0 9
--	---------------	---	-------------	--------------	--------------	----------------

2.1.4-міндет. Геодинамикалық полигондар жүйесін кеңейту

Қазақстан Республикасы Батыс аймақтарында геодинамикалық полигонның техникалық жобасын әзірлеу	жоба	-	-	-	-	1
--	------	---	---	---	---	---

2.2-мақсат. Цифрлы картографиялау негізінде Қазақстан Республикасы аумағын картографиялық қамтамасыз ету

Картографиялық қызмет субъект қызметтерінің ел көлеміне мемлекеттік топонимикаға және жергілікті жердің қазіргі жағдайына сай келетін картографиялық өніммен қамтамасыз етілу деңгейін көтеру, жыл сайын 5% кем емес	шаршы км	74 853	137 199	243 256	352 691	485 887
--	----------	--------	---------	---------	---------	---------

2.2.1-міндет. Картографиялық өнімді цифрлы түрде және мемлекеттік тілде қамтамасыз ету

Ц и ф р л ы картографиялау негізінде мемлекеттік						
--	--	--	--	--	--	--

топографиялық карталарды жасау	П а р а қ %	9 9 9 2	7 6 5 2	7 2 6 1,7	7 5 0 1,7	8 0 0 1,8
Топографиялық карталарды жасау және шығару	П а р а қ %	9 1 6 2	9 1 6 2	2 0 0 0 5	2 1 0 0 5	3 0 0 0 7
Ц и ф р л ы картографиялау негізінде мемлекеттік тілде топографиялық карталар жасау және оларды шығару	П а р а қ %	1 6 3 6 4	1 0 2 4 2	1 4 8 7 3	1 7 0 0 4	1 8 0 0 4
Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогтарын мемлекеттік тілде шығару	Каталог	6	4	6	2	2
2.2.2-міндет. Автоматтандырылған мәліметтер базасын жасау арқылы, материалдар мен құжаттарды тіркеу, сақтау және түгелдігін қамтамасыз ету тиімділігін көтеру						
Геодезиялық және картографиялық мәліметтер мен материалдарды тіркеудің автоматтандырылған мәліметтер базасын жасау	Техникалық құжаттарын әзірлеу	0	0	0	0	1

Стратегиялық жоспарға стратегиялық нақты бағыттармен берілген тапсырма 1.1.1. және 1.1.2. міндеттерінде тапқан көрінісін, ішкі және әлемдік нарықтардың бағасы бойынша олардың ренттік құндылығын жыл сайын анықтаумен өзге табиғи ресурстарды, есеп жүйесін құру және экономикалық бағасын құру бойынша "Нұр Отан" ХДП саясаттық тұғырнаманың ережесі интегралданды.

Одан басқа, Қазақстанның тұғырын көтеруге "Институттар" факторы бойынша Бүкіл әлемдік экономикалық форумның Ғаламдық индексіне бәсекеге қабілетті жер туралы ұсынылған ақпаратты дұрыстығы жөнінде куәландыратын, жер ресурстары туралы ақпараттық дереккөзі қатынасының санын көбейтуге, осындай индикаторлардың жетістігіне мүмкіндік туғызады.

4. Функционалдық мүмкіндіктер және ықтимал тәуекелдер

Елдің жер ресурстарын ұтымды пайдалануы, жер қатынастарын жетілдіруі, жердің ауылшаруашылық маңызына және жер учаскелерді материалдық активтер санаттарына жатқызу және олардың қаржылық-экономикалық айналымын жүргізуі, геодезия және картографияны дамытуы, жер реформасын тереңдету үшін қажетті, міндеттердің толық емес тізбегі мемлекеттік шекарада межелер жұмыстарына қатысуы, оны шешу Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігіне тапсырылды.

Қойылған стратегиялық жоспар мақсатының жетістігіне Агенттіктің кіші ортаның өзгеруі бойынша жоспарланған рет және өткізілген іс-шаралар мүмкіндік береді, сондай-ақ мемлекеттік мүдделі органдармен құнды қарым-қатынасты дамыту.

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің жаңа құрылымын жүргізуі қойылған міндеттердің шешіміне ықпал тигізетін Ішкі фактор арасына ж а т қ ы з у ғ а б о л а д ы .

Жас мамандардың саласына түйінді мәселесіне қосылуы ведомствоға бағынысты талап етілетін кәсіпорындармен, мамандықтан бойынша оқуға өндіріс есебінен мақсатты бағыт негізінде Агенттіктің ведомствоға бағынысты кәсіпорындардың кадрлық әлеуетін құруға шешім береді.

Жергілікті атқарушы органдармен қарым-қатынасты қамтамасыз етуге жіберілген, жер ресурстарын басқару саласында қызметті және өкілді шектеуді жүргізу шегінде жер қатынастарын басқарудың тік жүйесін дамытумен берілген тапсырмасын, жер қатынастары және геодезиялық және картографиялық мәселелер бойынша сектор аралық қарым-қатынасты дамытуды қажет деп санаймыз.

Жер қатынастары саласында қойылған мақсаттардың жетістігіне жәрдемдесетін мемлекеттік органдардың санында қоршаған ортаны қорғау министрлігі, жергілікті атқарушы органдарды белгілеп кететін жөн; Қазақстан Республикасы жер заңнамасының бұзушылығын төмендетуге Бас прокуратурамен, Әділет министрлігімен және Қазақстан Республикасының жоғарғы сот жанындағы соттың әкімшілік жөніндегі комитетімен септігін тигізеді; геодезия және картография саласында қызметі Қорғау мен білім және ғылым министрліктері, ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ұлттық ғарыш агенттігі сияқты осындай мемлекеттік органдардың жұмыстарымен түйіндесті.

2-кесте - Сектораралық қарым-қатынас

Стратегиялық міндеттердің атауы	Мемлекеттік мүдделі органдармен бірлескен іс-шара
1.1.1. Жер ресурстарының сапалы жағдайы туралы ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату	АШМ - елдің ауылшаруашылық пайдаланылатын жердің сапалы сипаттамасын құру кезінде егістік жердің топырағын агрохимиялық тексеру және суландыратын жерлердің жер өңдеу кадастрының мәліметтерін пайдалану бөлігінде.
1.1.2. Жер учаскелері және елдің жер қоры туралы мәліметтер жинағын жасау, сандық есепті жақсарту	Жергілікті атқарушы органдардың жер қатынастары бойынша өкілетті органдар жердің сандық есебін жақсарту бойынша ұсыныстар келісімі. СА - ведомстволық статистикалық есептілік нысандарының келісімі, атрибутивті жүргізу мен графикалық ақпараттың тәртібі және мазмұны.
1.1.3. Жер мониторингі мәліметтерін пайдалану және жүргізуді жетілдіру	МММ - жер мониторингін жүргізу кезінде жер жағдайының туралы қажетті ақпаратты алу үшін жердің аралық зондау технологиясын пайдалану; АШМ, Қоршаған ортаның келесіз процестерді дамыту және жердің жағдайы туралы (эрозия, тұздалған, ойрандалған және т.б.) мәліметтерді беру

1.2.1. Жер қатынастары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы халық арасындағы түсіндіру құқығы жұмыстарын жүргізу	Мәдениетмині - жер қатынастары мәселелері бойынша халықтың ақпараттандырылуын жоғарылату
1.2.2. Нормативтік құқықтық актілерге толықтырулар мен өзгертулер енгізу барысында заңнаманы жетілдіру	Мемлекеттік өкілетті органдар - жер заңнамасын жетілдіру мақсатында нормативтік құқықтық актілерге келісу
1.2.3. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылаудың тиімділігін жоғарылату	Мәдениетмині - жер заңнамасы бұзушылығын қатынасына қабылданған шаралар туралы халықтың ақпараттандырылуын жоғарылату ІІМ - жер заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында жерді пайдалану және қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы мемлекеттік инспекторге келуден жалтарып жүрген тұлғаларды күштеп әкелу мәселесін шешуде, соның ішінде жер заңнамасын бұзушылардың жеке басын куәландыру бойынша ішкі істер органдарымен өзара қатынас БП, СК, Қаржымині, ЖАО - жер қатынастары субъектілерін тексеруді бірігіп жүргізу Уәкілетті мемлекеттік органдар жер заңнамасын жетілдіру мақсатында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу
2.1.1. Мемлекеттік геодезиялық жүйені модернизациялау және Қазақстан Республикасы аумағында бірегей мемлекеттік координаттар жүйесін орнату	Қорғанысмині, ҰҚК - мемлекеттік құпияларды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды келісу
2.1.2. Цифрлы аэротүсіру негізінде мемлекеттік топографиялық карталардың және қалалардың үлкен масштабты жобаларын жаңартуын қамтамасыз ету	Қорғанысмині, ҰҚК, ЖАО - әр түрлі тапсырмаларды жоспарлау бойынша және басқарушылық шешімдерді қабылдау бойынша ұсыныстарды келісу
2.1.3. Каспий теңізінің солтүстік бөлігін үлкен масштабты жоспарлармен қамтамасыз ету	Қорғанысмині, ҰҚК, ЭМРМ - навигация, мұнай операцияларын жүргізу және көмірсутекті жағаға тасымалдау үшін, ұсыныстарды келісу
2.1.4. Қазақстан Республикасы батыс аймақтарында геодинамикалық полигондар жүйесін кеңейту	ТЖМ, БҒМ - жер қабығының қазіргі уақыттағы вертикальді қимылдарын зерттеу бойынша ақпарат беру
2.2.1. Картографиялық өнімді цифрлы түрде және мемлекеттік тілде қамтамасыз ету	Қорғанысмині, ҰҚК, БҒМ - аэротүсіру жұмыстарын жүргізуді және географиялық атауларды келісу.
2.2.2. Автоматтандырылған мәліметтер базасын құру арқылы материалдар мен құжаттарды тіркеу сақтау және түгелдігін қамтамасыз ету тиімділігін жоғарылату	АБА - геодезиялық және картографиялық мәліметтер мен материалдарды тіркеуге арналған автоматтандырылған мәліметтер базасын әзірлеу бойынша техникалық жобаны келісу

Агенттіктің ықтимал тәуекелдерін, Агенттіктің алдына қойған мақсаттарына әсер етуі мүмкін шектеулі көлемдегі ресурстар бойынша анықтау ұсынылып отыр.

Саяси тәуекел. Межелілеу бойынша дала жұмыстары шекаралас Тараптармен бірігіп жүргізіледі және қандайда бір Тараптың дайын болмауы межелілеу жұмыстарының жалпы кестесін бұзуға алып келеді, олардың шығын құнын үлкеюіне және бірге межелілеу процесінде жол берілмеуі тиіс қосымша ұйымдастыру қиындықтарын енгізуге әк е п с о қ т ы р а д ы .

Институциялық тәуекел. Жер қатынастары саласындағы заңнамаларды ұсынылып отырған жетілдіру, геодезия және картография саласындағы нормативтік құқықтық актілерге жер заңнамасын бұзуға жауапкершілікті қатаңдандыру арқылы өзгерістер мен

толықтырулар енгізу қолданыстағы заңда көрініс таппауы мүмкін, өйткені Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің кейбір баптарын декриминализациялануын әкімшілік жауапкершілікті күшейтумен өтеу қарастырылған.

Кадрлық әлеует. 2008 жылы жүргізілген Агенттіктің Өңіраралық жер инспекциялары (ӨЖИ) жұмысшыларының штаттық санын қысқарту жер заңнамасын бұзушылықтар санының өсуіне алып келеді, өйткені Қазақстан Республикасының 272,5 млн.га көлемді өте үлкен аумағында штаттық санының 110 бірлігінде 1 мемлекеттік инспекторға 2,5 млн. га салмақ түседі.

Алдыңғы үш жылғы кезеңде жерлерді пайдаланумен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша ӨЖИ қызметтеріне өткізілген сараптамасы жылына орташа алғанда 1,0 мыңға заң бұзушылықтардың өскенін көрсетеді. Осылайша мемлекеттік инспекторлар санының қысқаруы жер заңнамасын бұзудың өсуіне септігін тигізеді, ал бұл өз кезегінде қойылған мақсаттарға кедергісін тигізеді.

Техногендік тәуекел. Халықты қорғау бойынша ескертулік шараларды, жалпы елдің аумағын және объектілерді стихиялық құбылыстардан қорғау бойынша шараларды қабылдау мемлекеттің экономикалық дамуының тұрақтылығының көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Осы орайда, жоғары нақты геодезиялық өлшемдерді геоэкономикалық полигондарды уақытылы өткізбеу, экономиканың барлық саласында көрініс табатын, қазіргі уақыттағы жер қабатының қозғалыс жағдайын сараптамасын жүргізбеуге әкеп соқтырады.

Технологиялық тәуекел. Республика аумағының мемлекеттік топонимикаға жердің қазіргі уақыттағы жағдайына сәйкес келетін мемлекеттік топографиялық карталармен, қажетті біліктілігі бар кадрлық ресурстармен, техникалық және технологиялық құрал-жабдық және бағдарламамен қамтамасыз етілмеуі, сондай-ақ геодезиялық және картографиялық мәліметтерді беруде, сақтауда бұрмалануы осылардың бәрі көптеген экономикалық тапсырмалар бойынша шешім қабылдауда және елдің қорғаныс қабілеттілігіне кері әсерін тигізеді.

Материалдық-техникалық жабдыктандыру. "Электронды үкімет" аясында жасалынып жатқан автоматтандырылған ақпараттық жүйе, ақпараттық жүйенің тиімді қызмет атқаруы үшін қазіргі заманғы компьютерлік құрал-жабдықтардың болуын талап етеді.

Мәліметтерді орталықтандырылған сақтау мен пайдалану үшін Астана қаласында мәліметтерді Республикалық қоймасы бар. Осы үшін пайдаланылып отырған 2005 жылы алынған компьютерлік құрал-жабдық, жылына 25% ескіру дәрежесінде, 2009 жылы толығымен ескіреді. Бұдан басқа мемлекеттік мәліметтердің үлкен алаптары дүниежүзі бойынша екі ақпараттық қоймада сақталады: негізгі және резервті. Ақпараттың қауіпсіздігі үшін МЖК ААЖ мәліметтерінің көшірмелерін сақтау үшін

қосымша мәліметтер қоймасын алу қажет және оны басқа қалаға көшіру қажет (Қарағанды қаласына болжанып отыр).

Осылайша компьютерлік техниканың және ақпараттық инфрақұрылымның тозуы Агенттіктің Өңіраралық жер инспекциялары бөлімшелерінің қойылған даму мақсаттарына жетуде кері әсерін тигізуі мүмкін.

Тәуекелдің атауы	Алдын алу және/немесе уақтылы әсер ету шараларын қабылдамаған жағдайдағы салдарлары	Басқару тетіктері мен шаралары
Саяси тәуекел	Демаркациялық жұмыстардың жалпы кестесінің бұзылуы, олардан шығындарының жоғарылауына және қосымша ұйымдастырушылық қиындықтардың пайда болуына	Демаркациялық жұмыстардың жалпы кестесінің бұзылуын болдырмау бойынша шаралар қолдану (шекаралас мемлекеттермен келісімдер жүргізу)
Институционалды тәуекел	Жер қатынастары, геодезия, картография саласындағы нормативтік құқықтық актілерге жер заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдандыру бойынша өзгерістер мен толықтыруларды енгізу жөніндегі ұсыныстарды кері қайтару	Қазақстан Республикасының қылмыс кодексінің жеке баптарын декриминалдауды компенсациялау шегінде, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Құқықтық тұжырымдамасында белгіленген әкімшілік жауапкершілікті күшейту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу
Кадрлық әлеует	Агенттіктің кәсіптік мүмкіндіктерінің күрт шектелуі және жүктелген функцияларды жүзеге асыру бойынша негізгі тапсырмаларды орындау қабілетсіздігі	Қызметкерлердің біліктілігін жоғарылату бойынша және қызметтік міндеттерді орындауда материалдық қолдау, көліктік қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану
Технологиялық тәуекел	Республика аумағының Жергілікті жердің қазіргі заманғы жағдайына және мемлекеттік топонимикаға сәйкес мемлекеттік топографиялық карталармен қамтамасыз етілмеуі, сондай-ақ геодезиялық және картографиялық мәліметтерді беруде сақтауда бұзылуы елдің қорғаныс мүмкіндігінің және экономиканың көптеген мәселелерін шешуде кері әсерін тигізеді	Мемлекеттік тапсырысты уақытылы орындауға жағдайлар жасау, оның тиімді және сапалы орындалуына мониторинг және бақылау

5. Нормативтік құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабының 1-тармағының 3), 5), 9), 10), 12), 13), 14), 15) тармақшалары;

2. "Геодезия және картография туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1)-15) тармақшалары 10, 13-баптары;

3. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 5) тармақшасы;

4. Президенттің Қазақстан халқына 1997 жылғы 10 қазандағы Жолдауында көрсетілген Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында айтылған 1 "Ұлттық қауіпсіздік" ұзақ мерзімді басымдығы, 3 "Жоғары деңгейлі шетел инвестициялары бар дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсім" басымдылық ұзақ мерзім;

